

**"Авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін  
атқарушының 2017 жылғы 31 шілдедегі № 517 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 412 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 18 желтоқсанда № 35487 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 31 шілдедегі № 517 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15600 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-70) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Көлік министрінің міндетін атқарушы

M. Калиакпаров

Қазақстан Республикасы  
Көлік министрінің  
міндетін атқарушы  
2024 жылғы 13 желтоқсандағы  
№ 412 Бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және

даму министрінің  
міндеттін атқарушының  
2017 жылғы 31 шілдедегі  
№ 517 бұйрығымен  
бекітілген

## **Авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 14-бабы 1-тармағының 41-70) тармақшасына сәйкес әзірленді және авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) авиация персоналы – арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар, әуе кемелерінің ұшуын, әуе тасымалдары мен авиациялық жұмыстарды орындау және қамтамасыз ету, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке адамдар;

2) авиация персоналының куәлігі – авиация персоналының біліктілігін және өкілеттіктерін растаушы құжат;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – мемлекет жарғылық капиталына жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздігін тұрақты дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

4) арнайы белгі – тілді менгеру деңгейі туралы белгіні қоса алғанда, ерекше шарттар, құқықтар немесе шектеулер көрсетілетін куәлікте жасалған қосымша көрсетілетін куәлікте жасалған қосымша жазба және осы куәлікке қатысты ақпарат;

5) әуе кемелерінің техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманды бағалаушы (бұдан әрі – бағалаушы) – тиісті біліктілігі бар, уәкілетті ұйым тағайындаған, біліктілік және (немесе) арнайы белгілер енгізу мақсатында әуе кемелерінің техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – ӘК ТҚК) мамандарының тәжірибелік дағдыларына тексеру жүргізуге уәкілетті жеке тұлға;

6) әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі – ӘҚҚК) маманы – арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар, авиация персоналының куәлігі бар жеке тұлға (ӘҚҚК диспетчері, ӘҚҚК диспетчер-нұсқаушысы, ӘҚҚК персоналы бойынша емтихан алушы);

7) біліктілік – тапсырманы белгіленген деңгейде орындау үшін талап етіletіn білімнің, дағдылардың және орындалатын қызметтік міндеттерге қатынастың үйлесімі;

8) біліктілік белгісі – куәлікте жасалған немесе оның ажырамас бөлігі болып табылатын, оған қатысы бар жазба, онда ерекше жағдайлар, бұл куәлікке қатысты құқықтар немесе шектеулер көрсетіледі;

9) біліктілік емтиханы – авиация персоналының теориялық білімін бағалау және олардың біліктілік деңгейін анықтау немесе растау және дербес кәсіби қызметке жіберу мақсатында жүргізілетін тәжірибелік дағдыларын тексеру рәсімі;

10) біліктілікті тексеру (proficiency check) – ауызша емтиханды қоса алғанда, біліктілік белгілерін ұзарту үшін қажетті дағдыларды көрсетеу (қарастырылған жағдайда);

11) біліктілік комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) – қызметті уәкілетті ұйымның бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам бекітетін, ережелерге сәйкес жүзеге асыратын, уәкілетті ұйымның тұрақты жұмыс істейтін мүшесі;

12) даярлаудың және бағалаудың құзыреттілік жүйесі – авиация персоналын даярлау және бағалау жүйесі, оған нәтижелерге бағдарлану, операцияларды орындау тиімділігінің стандарттарына және осы стандарттарды өлшеуге ерекше назар аудару, сондай-ақ белгіленген тиімділік стандарттары негізінде оқу курсын әзірлеу тән;

13) емтихан алушы – тиісті біліктілігі бар, уәкілетті ұйым тағайындаған және авиация персоналының куәлігін беру немесе ұзарту, біліктілік және (немесе) арнайы белгілерді енгізу және (немесе) ұзарту мақсатында авиация персоналының теориялық білімін бағалауды және тәжірибелік дағдыларын тексеруге уәкілетті жеке тұлға;

14) құзыреттілік – белгілі бір жұмыстың сәтті орындалуын сенімді болжау үшін қолданылатын адамның мүмкіндіктерін өлшеу. Құзыреттілік белгілі бір жағдайларда қызметті жүзеге асыруға немесе міндеттерді орындауға тиісті білімді, дағдыларды және көзқарастарды жұмылдыратын әрекеттер арқылы көрінеді және байқалады;

15) уәкілетті ұйымның емтихан алушысы – уәкілетті ұйым тағайындаған авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындайтын жеке тұлғалардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның авиация инспекторы;

16) ұшу дағдыларын тексеру (skill test) – талап етілуі мүмкін ауызша емтихандарды қоса, куәлік немесе бағалауды алу үшін тәжірибелік ептіліктерді көрсетеу;

17) үміткер – біліктілік емтиханынан өтуге талап етуші жеке тұлға.

3. Авиация персоналының біліктілік деңгейі біліктілік емтиханын өткізу жолымен айқындалады.

4. Біліктілік емтиханын өткізудің міндетті шарты үміткердің авиация персоналы куәлігін беру немесе оның қолданылу мерзімін ұзарту, біліктілік және (немесе) арнайы белгіні (оқыту, тағылымдама, тренажерлік даярлық, ұшу даярлығы) енгізу және (немесе ) қолданылу мерзімін ұзарту үшін біліктілік талаптарында көзделген барлық алдыңғы рәсімдерді толық аяқтауы болып табылады.

5. Үміткердің теориялық білімдерін бағалау және тәжірибелік дағдыларын тексеру:

1) Занға;

2) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі – ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасының талаптарына сәйкестігіне тексеріледі.

6. Осы Қағидалардың 7-тарауына сәйкес, авиация персоналының біліктілік деңгейін үәкілетті ұйым тағайындастын емтихан алушы (бағалаушы) айқындайды.

7. Коммерциялық әуе тасымалдарына қатыспайтын жеңіл және аса жеңіл авиацияның авиация персоналының біліктілік деңгейін әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдардың тұрақты қолданыстағы білікті комиссияларымен осы Қағидаларға сәйкес өткізіледі.

Әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдардың біліктілік комиссиялары өз қызметін, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес коммерциялық емес ұйымның біліктілік комиссиясы туралы басшылыққа сәйкес жүзеге асырады.

8. Біліктілік емтиханының оң нәтижесі авиация персоналы куәлігінің қолданылу мерзімін беру немесе ұзарту, сондай-ақ біліктілік және (немесе) арнайы белгінің қолданылу мерзімін енгізу және (немесе) ұзарту үшін негіз болып табылады.

9. Емтихан алушы (бағалаушы) өз қызметін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес үәкілетті ұйым әзірлеген және бекіткен емтихан алушыларға (бағалаушыларға) арналған басшылыққа сәйкес жүзеге асырады.

10. Біліктілік емтихан өткізгенге дейін емтихан алушы (бағалаушы):

- 1) қажетті техникалық құралдар және жұмыс орындарының дайындығын тексереді;
- 2) қажетті тест тапсырмаларының, бақылау парақтарының болуын тексереді;
- 3) үміткерді қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықпен таныстырады;
- 4) үміткерге біліктілік емтиханын тек емтихан алушының (бағалаушының) нұсқауы бойынша бастауга болатындығын ескертеді;
- 5) үміткерге біліктілік емтиханын өткізу тәртібі туралы нұсқама жүргізеді.

11. Үміткердің біліктілік емтиханын өткізу тәртібі туралы нұсқамасы мынадай ақпарат қамтиды:

- 1) үміткерге аудио-бейне жазба жүргізіліп жатқандығын ескертуі;
- 2) біліктілік емтиханында өткізілетін пәндердің (модульдердің) саны мен атауы;
- 3) тапсырмадағы тест сұрақтарының саны;
- 4) біліктілік емтиханын тапсыруға бөлінген уақыт;
- 5) біліктілік емтиханынан сәтті өтудің шекті деңгей;
- 6) біліктілік емтиханын сәтсіз тапсырған жағдайда қайта тапсыру тәртібі;
- 7) біліктілік емтиханының нәтижесімен келіспеген жағдайда апелляциялық өтініш беру тәртібі.

12. Емтихан алушы үміткерлердің біліктілік емтиханын өткізу рәсіміне қатысты сұрақтарына жауап береді. Нұсқаулық уақыты біліктілік емтиханын орындау уақытына кірмейді.

13. Біліктілік емтиханына қатысты барлық компьютерлік жазбалар 5 (бес) жыл сақталады.

Электрондық құжат айналымы жүйесі болмаған кезде құжаттар қағаз жеткізгіште ресімделеді.

14. Емтихан алушы (бағалаушы) үміткерге өткен шақта нұсқауши болған жағдайда, біліктілік емтиханын өткізбейді.

## **2-тарау. ӘҚҚК мамандарының біліктілік деңгейін айқындау тәртібі**

15. Біліктілік емтиханын, біліктілік және (немесе) арнайы белгіні енгізу, және (немесе) ұзарту үшін, ұқсас біліктілік және (немесе) арнайы белгілері бар емтихан алушы жүргізеді.

16. Авиация персоналдарының қуәлігін беру мақсатында, теориялық білімді сынақтауды уәкілетті ұйым немесе тағайындалған емтихан алушының уәкілетті ұйымның келісу бойынша жүзеге асырады.

17. ӘҚҚК диспетчерінің қуәлігін алу үшін біліктілік емтиханы, біліктілік белгісін енгізуге және (немесе) ұзартуға бағытталған емтиханмен ұшастыруға мүмкіндік береді және міндетті түрде екі бөлек біліктілік емтиханын міндетті түрде өткізууді талап етпейді.

18. ӘҚҚК персоналды бойынша емтихан алушы өз қызметін ӘҚҚК мамандарының біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүзеге асырады:

- 1) ӘҚҚК диспетчерінің қуәлігін беру;
- 2) біліктілік және (немесе) арнайы белгі енгізу;
- 3) біліктілік және (немесе) арнайы белгінің қолданылу мерзімін ұзарту.

19. Теориялық білімді немесе тәжірибелік дағдыларды еңсерілмейтін құштің (табиғи құбылыстар, әскери әрекеттер және т.б.) салдарынан, сондай-ақ техникалық ақаулар себебінен бағалауды жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда, теориялық білімді бағалау және тәжірибелік дағдыларды тексеру тоқтатылады.

Бұл жағдайда, емтихан алушы осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалауды тоқтату туралы актіні ресімдейді, ал біліктілік емтиханы осы күн ішінде басқа уақытта немесе біліктілік емтихандарын өткізу кестесіне сәйкес басқа күні өткізіледі.

## **1-параграф. ӘҚҚК мамандарының теориялық білімдерін бағалау**

20. Уәкілетті ұйым тағайындаған емтихан алушы ӘҚҚК мамандарының теориялық білімдерін бағалауды компьютерлерде автоматтандырылған тәсілмен жүзеге асырады.

21. Теориялық білімдерін сынақтаудан өткізу үшін үміткерлер емтихан алушыға (бағалаушыға) келесілерді ұсынады:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысанда біліктілік емтихандарын өткізуге өтініш;

2) арнайы және кәсіби дайындық құжаттарының көшірмелері (салыстыру үшін түпнұсқалары);

3) жеке басын куәландыратын құжат.

22. Осы Қағидалардың 21-тармағында көзделген құжаттарды қарау қорытындылары бойынша, емтихан алушы үміткердің өтінішіне тиісті жазба қояды.

23. Сынақтау өткізетін орын-жай үміткердің, емтихан алушы кадрында және тестілеу жүргізілетін жабдықтың мониторын қамтитын теориялық білімді бағалау процесінің аудио-бейнежазбасын тіркеу аппаратурасымен жабдықталады.

24. Теориялық білімді бағалау кезінде үміткер басқа үміткерлермен сөйлесуге, материалдармен алмасуға, ақпаратты қағаз, электрондық және өзге де тасымалдағыштарда пайдалануға, сынақ бөлмесінен шықпайды, алушы-таратушы электрондық құрылғыларды (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтарды) пайдаланбайды. Мұндай құрылғылар теориялық білімді бағалау кезінде өшірілуі керек.

25. Үміткер осы Қағидалардың 24-тармағының талаптарын бұзған жағдайда, емтихан алушы мұндай үміткердің теориялық білімін бағалау процесін тоқтатады және бағалау нәтижелерін жояды.

26. Емтихан алушы бұзылған күнінен бастап (2) екі жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысанда авиация персонаалының біліктілік деңгейін айқындау Қағидаларын бұзу туралы актіні (бұдан әрі - бұзушылық туралы акт) жасайды.

27. Бұзушылық туралы акт жасалған үміткерлер бұзу күніне бастап (12) он екі айдан ерте емес қайтадан сынақтаудан өтеді.

28. Бөлінген уақыттан кейін теориялық білімді бағалау автоматты түрде аяқталады.

29. Теориялық білімді бағалауға арналған компьютерлік бағдарламаны (бұдан әрі – бағалау бағдарламасы) уәкілетті ұйымның біліктілік комиссиясы бекітеді.

30. Дұрыс жауаптарды есептеу компьютерлік бағалау бағдарламасы арқылы автоматты түрде жүзеге асырылады

31. Теориялық білімді бағалау аяқталған күні, емтихан алушы үміткерді нәтижелерімен таныстырады.

32. Тест тапсырмаларын әзірлеуді және оларды жыл сайын жаңартуды, емтихан алушы уәкілетті ұйымның келісімі бойынша жүзеге асырады.

33. Теориялық білімді бағалаудан өту үшін шекті деңгей кемінде 75% құрайды.

34. Теориялық білімді бағалау үміткердің біліктілігіне байланысты тест тапсырмаларының мазмұны бойынша әр түрлі болады.

35. Теориялық білімді бағалау нәтижелері бойынша келесі шешімдердің бірі қабылданады:

- 1) сынақтан өтті;
- 2) сынақтан өтпеді.

36. Осы Қағидалардың 33 тармағында белгіленген шекті деңгейден тәмен теориялық білімді бағалау нәтижелерін алған үміткерлер бағалаудан өткен күннен бастап (10) он жұмыс күні өткеннен кейін теориялық білімді қайта бағалауға жіберіледі

Теориялық білімді бағалаудан өтуге тапсыру әрекеттерінің саны 3 (үш) реттен аспайды.

37. 3 (үш) әрекеттен теориялық білімін бағалаудан өтпеген үміткерлер бағалауды қайта өту алдында авиациялық оқу орталығында (бұдан әрі – АОО) оқытудан өтеді.

38. Теориялық білімді бағалаудан сәтті өткен үміткерлер тәжірибелік дағдыларын тексеруге жіберіледі.

39. Теориялық білімді бағалау нәтижелері үміткерлерге бағалау аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

40. Теориялық білімді бағалау нәтижесі алынған бағалар туралы жалпы ақпаратты, сұрақтарға дұрыс емес жауаптар негізінде білімдегі олқылықтар туралы қорытындыны қамтиды.

41. Теориялық білімді бағалау нәтижесі 3 (үш) ай ішінде жарамды.

42. Аэронавигациялық қызмет көрсету жеткізуши, ӘҚҚҚ емтихан алушыларын интернет желісі, жабдықтары, сейфі және жиһазы бар қажетті орын-жаймен қамтамасыз етеді.

## **2-параграф. ӘҚҚҚ мамандарының тәжірибелік дағдыларды тексеру**

43. Тәжірибелік дағдыларды тексеруден өту үшін үміткер ӘҚҚҚ персоналы бойынша емтихан алушыға осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

44. Құжаттардың толық топтамасын тексергеннен кейін, емтихан алушы үміткердің өтінішіне тиісті жазба қояды.

45. Емтихан алушы үміткердің жаттығу дайындығынан толық өткенине көз жеткізеді, ал жаттығу тапсырмаларына диспетчерлік жаттығу орталығы нұсқаушысының қол қойылды.

Біліктілік белгілерін алу немесе ұзарту мақсатында тәжірибелік дағдыларды тексеру кезінде ӘҚҚҚ қызметі мамандының жұмыс орнында, ал ұшу қарқындылығы тәмен болған жағдайда (жұмыс қабілеттілігінің 20% – дан аз) диспетчерлік тренажерде жүргізіледі.

46. ӘҚҚҚ диспетчерлерінің біліктілік белгілерін енгізу немесе ұзарту үшін тәжірибелік дағдыларды тексеру мынадай негізгі критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) жұмыс технологиясына және лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес функцияларды орындау;

- 2) радио алмасу фразеологиясы қағидаларын сақтау;
- 3) бақылау мен жоспарлауды жүзеге асыру, қалыптасқан ауа жағдайындағы іс-қимылдардың дұрыстығы мен уақтылығы;
- 4) келіп түскен ақпаратты талдау және өндөу;
- 5) радиотехникалық құралдарды, жұмыс орнының жабдықтарын және авиация электр байланысын пайдалану;
- 6) ұшуды қамтамасыз ететін және бақылайтын аралас диспетчерлік пункттермен, қызыметтермен және органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықтарды сақтау;
- 7) ӘҚҚК-ны радиолокациялық бақылаусыз қамтамасыз ету қабілеті ("procedural" біліктілік белгісін енгізу немесе ұзарту кезінде).

47. ӘҚҚК нұсқаушысының арнайы белгісін енгізу үшін тәжірибелік дағдыларды тексеру мынадай технологиялық операциялар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) өткізу, жоспарлау және тәлімгердің алдын ала даярлауды ұйымдастыру;
- 2) тәлімгердің тәжірибелік даярлыққа дайындығын айқындау;
- 3) диспетчерлік тұрақта тәжірибелік тағылымдаманы және диспетчердің тренажерда жаттығуларды ұйымдастыру, жоспарлау және өткізу;
- 4) белгіленген құжаттаманы жүргізу.

48. ӘҚҚК персоналы бойынша емтихан алушының өкілеттігін тағайындау немесе ұзарту үшін тәжірибелік дағдыларды тексеру мынадай технологиялық операциялар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) біліктілік белгісінің тиісті санатты емтиханды өткізуді ұйымдастыру және дайындау;
- 2) нұсқаулық жүргізу және үміткердің тапсырмаларды орындауға дайындығын айқындау;
- 3) емтиханды өткізу және үміткердің бағасының жан-жақтылығы;
- 4) белгіленген құжаттаманы жүргізу.

49. Бірнеше арнайы біліктілік белгілердің болуын талап ететін біріктірілген диспетчерлік пункттерді қоспағанда, екі және одан да көп біліктілік белгілерін бір мезгілде енгізуге жол берілмейді.

50. Тәжірибелік дағдыларды тексеру кезеңінен өтпеген жағдайда үміткер осы тексеруден қайта өтуге жіберіледі, бұл ретте теориялық білімді қайта бағалаудан өту талап етілмейді.

51. Тәжірибелік дағдыларды тексеру кезеңінен 3 (үш) әрекеттен өтпеген жағдайда арнайы белгі тоқтатылады және үміткер АОО-да оқытудан өтеді.

52. Біліктілік емтиханының нәтижелері бойынша емтихан алушы немесе бағалаушы толтырады:

- 1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘҚҚК диспетчерінің, диспетчер-нұсқаушының және ӘҚҚК емтихан алушы біліктілік емтиханын өткізу хаттамаларын;

2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиация станцияның операторының біліктілік емтиханын өткізу хаттамасын.

53. Тәжірибелік дағдыларды тексеру нәтижесі 2 (екі) жыл бойы жарамды.

### **3-тарау. Ұшы экипажы мүшесінің біліктілік деңгейін айқындау тәртібі**

#### **1-параграф. Ұшы экипажы мүшесінің теориялық білімді бағалау**

54. Егер үміткер бірінші емтиханды тапсыруды бастағанда, сол күнтізбелік айды аяқтағаннан кейін 18 (оң сегіз) айдың ішінде барлық сынақ пәндерін тапсырып теориялық білім сұрақтарының 75%-на кем емес дұрыс жауап берсе, ұшы экипажы мүшелерінің теориялық білімдерін бағалау сәтті тапсырылды деп саналады.

ATPL(A) куәліктері бар ұшқыштардың теориялық білімін бағалауға қойылатын талаптар осы Қағидаларға 20-қосымшада келтірілген.

55. Теориялық білімді бағалау сәтті аяқталғаннан кейін емтихан алушы, бағалау аяқталған күннен бастап, 2 (екі) жұмыс күннен кешіктірмей үміткерге осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификат береді.

56. Теориялық білімді бағалауды сәтті аяқтау туралы сертификат жарамды:

1) женіл және аса женіл әуе кемелерінің ұшқышы (бұдан әрі – LAPL және UAPL), жеке ұшқыш (бұдан әрі – PPL) куәлігін теориялық білімді бағалаудан сәтті өткен күннен бастап 24 (жырма төрт) ай ішінде алу үшін;

2) коммерциялық авиация пилотының куәлігін (бұдан әрі – CPL), теориялық білімді бағалаудан сәтті өткен күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде Instrument Rating (бұдан әрі – АБҰ (IR) аспаптар бойынша ұшуға рұқсат беру туралы біліктілік белгісін алу үшін;

3) желілік ұшқыш куәлігін (бұдан әрі-ATPL) алу үшін күәлікке АБҰ (IR) рұқсат беру туралы біліктілік белгісін соңғы енгізген күннен бастап 7 (жеті) жыл ішінде, немесе тікүшак ұшқышының біліктілігін алған жағдайда, әуе кемесінің (бұдан әрі – ӘК) типі бойынша біліктілік белгісі соңғы енгізген күннен бастап.

57. Теориялық білімді есепке алу:

1) ATPL деңгейінде теориялық білімін бағалау LAPL, UAPL, PPL, CPL куәлігін, АБҰ (IR) рұқсат беру үшін біліктілік белгісін алуға жарамды болып есептеледі;

2) аталған CPL деңгейдегі теориялық білімін бағалау ӘК-нің сол санаттағы LAPL, UAPL, PPL куәлігін алуға жарымды ретінде есепке алынады;

3) ұшқышта бар АБҰ (IR) рұқсат беру туралы немесе АБҰ (IR) бойынша үміткермен тапсырылған теориялық емтихандар ӘК қандай да болмасын кез келген өзге санаты үшін ӘК кез келген өзге санаты лайықтылар ретінде есепке алынады;

4) ұшқыштың бар куәлігі ӘК-нің өзге санатында куәлікті алу үшін теориялық дайындықтың лайықтысы ретінде есепке алынады. Бұл емтихандардың қолданыс

мерзімін есепке ала отырып, ӘК-нің қандай да болмасын санаты бойынша күелікті алу үшін ұміткермен табысты тапсырылған теориялық емтихандарға жатады;

5) LAPL немесе ULAPL беру үшін жалпы қажетті пәндер бойынша теориялық білім ӘК үшін LAPL немесе ULAPL иесіне толық есептеледі;

6) LAPL, ULAPL немесе PPL беру үшін ӘК басқа санаты үшін күелік иесі теориялық даярлықтан өтеді және мынадай салаларда тиісті деңгейде теориялық емтихандарды нәтижелі тапсырады:

ұшу принциптері (тәжірибелік аэродинамика);

пайдалану рәсімдері, ұшу сипаттамалары және жоспарлау (Ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулық);

ӘК туралы жалпы білім (ӘК және күштік қондырғы конструкциясы);

әуе навигациясы;

7) PPL лицензиясын алу кезінде ВС сол санатындағы LAPL қуәлігінің иегеріне толық көлемде теориялық білім курсы және сынақтық талаптар қойылады;

8) жеңіл ұшақтың LAPL (A) пилотының қуәлігін алу үшін, мотопланерге құқықтарды кеңейте отырып, ULAPL(S) планерінде аса жеңіл ӘК пилоты қуәлігінің иесі тәжірибелік дағдылар бойынша емтихан өткізу кезінде емтихан алушыға пайдалану рәсімдері, ұшу сипаттамалары мен жоспарлау, ӘК туралы жалпы білімі бойынша теориялық білімнің жеткілікті деңгейін көрсетеді;

9) ӘК өзге санатында CPL бар, CPL-е ұміткер ӘК түрлі санаттары үшін CPL оқу жоспарлары арасында анықталған айырмашылықтарға сәйкес бекітілген оқу курсы бойынша өтпелі теориялық дайындықтан өтеді. Үміткер ӘК тиісті санаттарына келесі пәндер бойынша осы бөлімде айқындалған теориялық білім бойынша емтихан тапсырады:

ӘК туралы жалпы білім: конструкция және жүйелер, Электр жабдықтау және электроника, күштік қондырғы, апарттық-құтқару жабдығы;

ӘК туралы жалпы білім: аспаптық жабдық;

ұшақтар немесе тікұшақтардың ұшу сипаттамалары (тиісті жағдайларда);

пайдалану рәсімдері;

ұшу ұстанымдары (аэродинамика);

10) ӘК сол санатында IR біліктілік белгісін алу үшін тиісті теориялық емтиханды нәтижелі тапсырған CPL үміткерге мынадай пәндер бойынша теориялық білімнің талаптары есептеледі:

пайдалану рәсімдері;

метеорология;

11) ӘК басқа санатында ATPL бар ATPL-ге үміткер ӘК әртүрлі санаттары үшін ATPL оқу жоспарлары арасында анықталған айырмашылықтарға сәйкес АОО-да аралық теориялық даярлықтан өтеді. Үміткер осы бөлімде анықталғандай, ӘК тиісті санаттары үшін келесі пәндер бойынша теориялық емтихандарды тапсырады:

ӘК туралы жалпы білім: Конструкция және жүйелер, Электржабдықтау және электроника, Күштік қондырығы, Апарттық-құтқару жабдығы;

ӘК туралы жалпы білім: Аспаптық жабдық;

ұшақтар немесе тікұшақтардың үшу сипаттамалары (тиісті жағдайларда);

пайдалану ресімдері;

үшу ұстанымдары (аэродинамика);

12) CPL(A), үшін тиісті теориялық емтиханды табысты тапсырған ATPL(A) үміткерге "Шолу ұшуларының ережесі - Радиобайланыс" (бұдан әрі - ШҮЕ - Радиобайланыс) пәні бойынша теориялық білімнің талаптары қойылады;

13) CPL(A) үшін тиісті теориялық емтиханды табысты тапсырған ATPL(A) үміткерге мынадай пәндер бойынша теориялық білімнің талаптары қойылады:

авиация заңнама;

үшу ұстанымдары (тікұшақ);

ШҮЕ – Радиобайланыс;

14) АБҰ (IR) рұқсат беру туралы біліктілік белгісін алу үшін тиісті теориялық емтиханды табысты тапсырған ATPL(A) үміткерге "АБҰ (IR) -Радиобайланыс" пәні бойынша теориялық білімнің талаптары қойылады;

15) АБҰ (IR) (H) бойынша үшуға рұқсаты бар, CPL(H) үшін тиісті теориялық емтихандарды нәтижелі тапсырған ATPL(H) үміткерге мынадай пәндер бойынша теориялық білімнің талаптары есептеледі:

үшу ұстанымдары (тікұшақ);

ШҮЕ - Радиобайланыс;

16) ӘК сол санатындағы CPL үшін тиісті теориялық емтиханды тапсырған АБҰ (IR) бойынша үшуға рұқсатқа үміткерге келесі пәндер бойынша теориялық білімнің талаптары қойылады:

адамның мүмкіндіктері және адами фактор;

метеорология;

17) көзбен шолып үшуға рұқсат берे отырып, ATPL(H) үшін тиісті теориялық емтихандарды нәтижелі тапсырған АБҰ (IR)(H) тікұшақтар үшін аспаптар бойынша үшуға рұқсат беруге үміткерге мынадай пәндерді тапсыру талап етіледі:

авиация заңнама;

ұшуларды жоспарлау және мониторингі;

радионавигация;

АБҰ (IR) - Радиобайланыс.

58. Үміткерлер куәлік және (немесе) біліктілік белгісін алу үшін теориялық білімдерін бағалаудан өтеді.

59. Үміткерлерді дайындауға жауапты АОО ұсынымын алғаннан кейін теориялық білімді бағалау жүзеге асырылады. Емтихандарды тапсыру теориялық оқыту оқу

курсын қанағаттанарлықтай аяқтағаннан кейін бірден жүргізіледі. АОО ұсынымы 12 (он екі) айға жарамды.

## 2-параграф. Ұшу экипажы мүшесінің тәжірибелік дағдыларды тексеру

60. Куәлік алу, біліктілік және (немесе) арнайы белгілерді енгізу және (немесе) ұзарту үшін ұшу экипажы мүшелерінің тәжірибелік дағдыларын тексеруді емтихан алушы мамандардың жұмыс орындарында (тренажерларда, әуе кемелерінде) азаматтық авиация ұйымдарында жүргізеді.

61. Тәжірибелік дағдыларды тексеру кезеңінен өтпеген жағдайда ұміткер осы тексеруден қайта өтуге жіберіледі, бұл ретте теориялық білімді қайта бағалаудан өту талап етілмейді.

62. Тәжірибелік дағдыларды бағалаудан өту үшін ұміткер өтінішті еркін нысанда ұсынады.

63. Өтініші келіп түскеннен кейін емтихан алушы тәжірибелік дағдыларды тексеру күнін, уақытын және өтетін орнын анықтайды.

64. Емтихан алушы ұміткердің барлық тәжірибелік сабактардан өткеніне, ал оқытуға арналған тапсырмаларға нұсқауышы қол қойғанына көз жеткізеді.

65. Тәжірибелік дағдыларды тексеру нәтижесі бір жылға жарамды.

66. Тәжірибелік дағдыларды тексеруді бір емтихан алушы жүзеге асырады.

67. Тексеру нәтижелері бойынша емтихан алушы осы Қафидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшу экипажының мүшелері үшін біліктілік деңгейін тексеру актісін толтырады.

68. Тәжірибелік дағдыларды тексеру келесі элементерді қамтиды:

- 1) жеке тапсырмаға бөлінетін ең жоғары және ең төменгі ұзақтығы;
- 2) ұміткердің ұшу кітапшасын қарау арқылы тәжірибеле қойылатын ең төменгі талаптардың орындалуы тексеріледі;
- 3) егер өлшем шарттар сақталмаған болса, тапсырманы орындауға қанша мүмкіндік беріледі және қандай жағдайларда беріледі.

Бір тапсырмалар (мысалы, ұшудан кейін қозғалтқыштың шартты істен шығуы кезіндегі дұрыс іс-қимылдар) шекті болып саналады және бірінші мүмкіндіктен-ақ, ал басқалары (мысалы, бұрылу кезінде абсолюттік биіктікті ұстап тұру) - бірінші мүмкіндік кезінде өлшемдерден асып кеткен жағдайда қайталап орындағаннан кейінғана сәтті орындалады. Рұқсат етілген мүмкіндіктердің жалпы санына қатысты шектеу белгіленеді;

4) емтихан алушы мен ұміткердің барлық кезеңдердегі, имитацияланатын авариялық жағдайларға қатысты тиісті рөлі. Ұшу емтихандарын өткізу кезінде әуе кемесінің командирінің кім болуы және ӘК басқаруды беру/қабылдау рәсімдері;

5) қолданылатын жабдықтың түрі;

6) үміткерді нәтижелері туралы, оның ішінде артықшылықтары мен кемшіліктері туралы хабардар ету.

#### **4-тарау. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету маманың біліктілік деңгейін айқындау тәртібі**

69. Үміткер теориялық білімін бағалаудан, әуе кемесінің типі бойынша тәжірибелік дағдыларын тексеруден және әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманың (бұдан әрі – ӘК ТҚҚ жөніндегі маман) куәлігіне рейтинг енгізуге өтініш берудің алдындағы 3 (үш) жыл ішінде тәжірибелік тағылымдаманы тексеруден (ОЖТ) өтеді.

#### **1-параграф. ӘК ТҚҚ маманының теориялық білімін бағалау**

70. ӘК ТҚҚ маманының теориялық білімді бағалау компьютерлерде немесе қағаз тасымалдағыштарда автоматтандырылған тәсілмен жүргізіледі.

71. Модульдік бағдарлама және ӘК типіне дайындық бойынша теориялық білімді бағалауды осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен уәкілетті ұйыммен тағайындаған емтихан алушы жүргізеді.

72. АОО үміткерге тану сертификатын (Recognition Certificate) модульдік бағдарлама бойынша бастапқы даярлықты немесе ӘК типіне оқытууды сәтті аяқтағаннан кейін, сондай-ақ үміткердің теориялық білімін бағалаудан сәтті өтуі және қажет болған жағдайда тәжірибелік дағдыларын тексеруден сәтті өткеннен береді.

Тану сертификатында (Recognition Certificate) ӘК-нің игерілген түрі мен қозғалтқышына сәйкес келетін халықаралық қысқарту енгізіледі.

АОО үміткер сәтті аяқтаған модулдерді сертификатта көрсете отырып "A", "B1", "B2", "B3" санаттары бойынша модульдік бағдарлама бойынша бастапқы даярлық бағдарламасын үміткердің сәтті аяқтауының нәтижелері бойынша бір сертификат береді.

73. Теориялық білімді бағалауында эрбір қайталап өту кезінде, егер үміткер өту балынан (75%) асатын баға алса, сертификатқа 75% жазба қойылады.

74. Модульдік бағдарлама және ӘК типі бойынша бастапқы даярлықтың теориялық білімдерін бағалауды жүргізуге қойылатын талаптар осы Қағидаларға 10 және 11-қосымшаларда келтірілген.

75. Теориялық білімді бірнеше тандауы бар тест арқылы бағалау кезінде нәтижесі компьютерлерде автоматтандырылған түрде беріледі, ал дайын жауап матрицасын қолданған жағдайда жартылай автоматтандырылған тәсілмен немесе қолмен беріледі.

76. Қағаз жеткізгіштерде бағалау аяқталғаннан кейін, АОО емтихан алушы бағалау қою үшін тест тапсырмаларды, жазбаша жұмыстарды және (немесе) бақылау парақтарын жинақтайды.

77. Теориялық білімді бағылаудан өту үшін шекті деңгей кемінде 75% құрайды.
78. Үміткер жұмысты тест тапсырмаларын орындауға бөлінген уаққытан кешіктірмей аяқтайды. Емтихан алушы қосымша уақыт бермейді.
79. Емтихан алушы үміткерде тест тапсырмаларының бақылау парақтарының, жазбаша жұмыстардың болуын тексереді. Көрсетілген материалдардың бір бөлігі болмаған кезде емтихан алушы үміткердің жұмысын жояды.
- 2-параграф. ӘК типі бойынша ӘК ТҚҚ маманның тәжірибелік дағдыларды тексеру**
80. Бағалаушы ӘК типі бойынша ӘК ТҚҚ маманның тәжірибелік дағдыларын тексеруді уәкілетті ұйым тағайындаған АОО да жүргізіледі.
81. ӘК типі бойынша тәжірибелік дағдыларды тексеру "С" санатындағы біліктілік белгісін енгізу үшін жүргізілмейді
82. Бағалаушы жабдықтарды, компоненттерді, тренажерлерді және басқа да қолданылатын құрылғыларды пайдаланады.
83. Тәжірибелік дағдыларды тексеру ӘК ТҚҚ бойынша маманның куәлігіне біліктілік белгісін енгізуге өтініш берудің алдындағы 3 (үш) жыл ішінде жүргізіледі.
84. 3 (үш) жылдық кезеңнің басы болып бұрын басталғанына байланысты теориялық элементті зерделеудің немесе тәжірибелік тағылымдаманың басталуы, аяқталуы ӘК типі бойынша тәжірибелік дағдыларды тексеру күні немесе тәжірибелік тағылымдаманың аяқталуы болып саналады.
85. ӘК ТҚҚ маманның белгілі бір міндеттерді орындаі алу қабілетін кәсіби тексеру көрсете алады.
86. Тәжірибелік дағдыларды тексеруді жүргізу әрекет саны 3 (үш) реттен аспауы қажет.
87. Үш талпыныстан сынақтау тапсыра алмаған үміткерлер теориялық білімді қайтара тапсыру алдында АОО.
88. Тәжірибелік дағдыларды тексеру үміткердің мынадай мақсаттарға қол жеткізгенін көрсетеді:
- 1) ӘК және оның жүйелері зерттелді;
  - 2) ӘК ТҚҚ жөніндегі нұсқаулыққа және тиісті үлгідегі ӘК-дегі басқа нұсқаулықтарға сәйкес техникалық қызмет көрсету, инспекциялар және жоспарлы жұмыстар қауіпсіз орындалды;
  - 3) ақаулық пен ақаулықты іздеу, жөндеу, реттеу, ауыстыру, жабдықтар және қажет болған жағдайда қозғалтқышты іске қосу және сынау сияқты функционалды тексерулер мысалдары келтірлген;
  - 4) ӘК техникалық әдебиеті мен құжаттамасы дұрыс пайдаланылған;
  - 5) мамандырылған құралдар мен сынақ жабдықтарды дұрыс пайдаланылған;
  - 6) ӘК пайдалану кезінде ТҚҚ қоса алғанда, арнайы үлгідегі компоненттер мен модульдерді алу және ауыстыру орындалды.

Үміткер бағалаушыға өткен жылдағы тексерулер жүргізілетін әрекеттер саны, күндер мен орны туралы ауызша хабарлайды (ақпарат болған жағдайда).

Тексеру ауызша, жазбаша әдіспен өткізіледі немесе тәжірибелік бағалауға немесе олардың комбинациясына негізделеді, бұл ретте ол мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- 1) ауызша тексеру сұрақтары жауаптың толық түсіндірілуін талап етеді;
- 2) жазбаша тексеру сұрақтары баяндау түрінде (essay) немесе бірнеше жауап нұсқалары бар сұрақтармен жүргізіледі;
- 3) тәжірибелік бағалау маманың тапсырманы орындаудағы құзыретін көрсетеді;
- 4) бөлім үлгісі бойынша сұрақтар (Chapters) (\*\*), көрсетілген деңгейдегі курс жоспарының (Sillabus) / емтиханнан 3-параграфынан алынды;
- 5) қате балама жауаптар тақырыпты білмейтін кез келген адамға ақылға қонымды болып көрінеді. Барлық қате балама жауаптар сұраққа байланысты және грамматикалық құрылымы мен ұзындығы бірдей;
- 6) сандық мәндері бар сұрақтарда қате жауаптар дұрыс емес мәнді пайдалану (+ пен салыстырғанда -) немесе дұрыс емес өлшеу шаралары сияқты рәсімдері қателіктерге сәйкес келеді. Олар кездейсоқ сандар емес.

89. ӘК типі бойынша тәжірибелік дағдыларды тексеруде мынадай шарттар қолданылады:

- 1) дәйекті мүмкіндіктің максималды саны 3-ке тең. 3 (үш) мүмуіндіктің келесі сессия сессия арасында бірінші жыл өткеннен кейін өткізіледі;
- 2) күту кезеңі 30 (отыз) күнге тең және бір сессия шегінде бірінші сәтсіз мүмкіндікten кейін талап етіледі, содан кейін екінші сәтсіз мүмкіндікten кейін 60 (алпыс) күндік күту кезеңі қажет болады.

90. Өтініш беруші соңғы жылдағы және дәл осындай мүмкіндіктер орын алған мүмкіндіктер саны мен күні туралы бағалаушыға хабарлайды және жазбаша растайды.

91. ӘК типі бойынша тәжірибелік дағдыларды тексеру кемінде бір бағалаушымен жүргізіледі. Бағалаушы үміткердің оқуына қатыспайды.

92. Жазбаша және қол қойылған есепті бағылаушы емтихан нәтижесі туралы ақпаратпен дайындейды (өтті немесе өтпеді).

93. Тексеру нәтижелері бойынша емтихан алушы немесе бағалаушы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘК типіне тәжірибелік элементтің бағалау парағын толтырады.

### **3-параграф. Тәжірибелік тағылымдаманы тексеру (OJT)**

94. Аяқталған тәжірибелік тағылымдаманы (OJT) тексеру міндетті кезең болып табылады және оны уәкілетті үйим тағайындаған бағалаушы жүргізеді.

95. ӘК ТҚҚ маманының дербес кәсіби қызметіне жіберілуіне тәжірибелік тағылымдаманы (OJT) тексеруді жүргізген бағалаушы жауапты болады.

96. Тексеру нәтижелері бойынша бағалаушы осы Қағидаларға 13-қосымшага сәйкес нысан бойынша тәжірибелік тағылымдаманы бағалау парагын (ОЖТ) толтырады.

##### **5-тарау. Біліктілік емтиханының нәтижелеріне шағымдану тәртібі**

97. Біліктілік емтиханының нәтижелеріне шағымдану туралы апелляциялық өтінішті үміткер осы Қағидаларға 14-қосымшага сәйкес нысан бойынша шағымдану себебін негіздей отырып, біліктілік емтиханының нәтижелерін алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті ұйымға береді.

98. Апелляциялық өтініш комиссия отырысында қаралады.

99. Комиссия апелляциялық өтініштерді қарau бойынша отырыстарды уәкілетті ұйымда өтініш тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өткізеді.

100. Комиссия шешімінің үзінді көшірмесі үміткерге біліктілік комиссиясының хаттамасы тіркелген күннен бастап (2) еki жұмыс күн ішінде беріледі.

##### **6-тарау. Емтихан алушының (бағалаушының) қызмет бағыттары бойынша ұсынылатын құжаттардың тізбесі**

101. ӘҚҚҚ персоналдың біліктілік деңгейін айқындастын жеке тұлға оны емтихан алушы етіп тағайындау үшін уәкілетті ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) уәкілетті ұйым басшысының атына ӘҚҚҚ персоналдынан емтихан алушы тағайындаудын талап ететін еркін нысандағы өтініші;

2) осы Қағидаларға 15-қосымшага сәйкес нысан бойынша ӘҚҚҚ мамандары мен авиация станцияларының операторлары үшін ұсыну;

3) жеке куәлік (паспорт);

4) авиация персоналдың куәлігінің қосымша;

5) ӘҚҚҚ персоналдынан емтихан алушының қайта даярлау курсарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

6) нұсқаушының қайта даярлау және кәсіби деңгейін қолдау курсарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

7) ӘҚҚҚ персоналдынан емтихан алушының тағайындауы жөніндегі біліктілік емтиханын өткізу хаттамасы (тексеруді уәкілетті ұйымның емтихан алушысы жүргізеді ).

102. ӘҚҚҚ персоналдың біліктілік деңгейін айқындастын жеке тұлға емтихан алушының өкілеттігін ұзарту үшін, уәкілетті ұйымға келесі құжаттарды ұсынады:

1) ӘҚҚ персоналдынан емтихан алушының өкілеттігін ұзартуын талап ететін уәкілетті ұйымның басшысына еркін нысандағы өтініші;

2) жеке куәлік (паспорт);

3) авиация персоналдың куәлігінің қосымша парагы;

4) емтихан алушының рұқсаты (Examiners Authorization);

5) ӘҚҚК персоналынан емтихан алушының кәсіби деңгейін қолдау курсарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

6) нұсқаушының кәсіби деңгейін қолдау курсарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

7) ӘҚҚК персоналынан емтихан алушының өкілеттігін ұзарту жөніндегі біліктілік емтиханын өткізу хаттамасы (тексеруді уәкілетті ұйымның емтихан алушысы немесе уәкілетті ұйымның келісімі бойынша аға емтихан алушы жүргізеді);

8) бүкіл кезеңді ала отырғанда, ӘҚҚК персоналынан емтихан алушының өкілеттіктерін орындаудың, бір жыл ішіндегі біліктілік емтиханын өткізу жөніндегі кемінде екі хаттамасы.

103. Ұшу экипажы мүшесінің біліктілік деңгейін анықтайтын жеке тұлға, оны емтихан алушы етіп тағайындау үшін уәкілетті ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) уәкілетті ұйым басшысының атына ұшу экипажынан емтихан алушы тағайындаудын талап ететін еркін нысандағы өтініші;

2) осы Қағидаларға 16-қосымшага сәйкес нысан бойынша ұшу экипажының мүшелері үшін ұсынys;

3) жеке куәлік (паспорт);

4) ұшу экипажы мүшесінің куәлігі және қосымша парағы;

5) тиісті біліктілігі бар емтихан алушыға қайта даярлау курсарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

6) нұсқаушыға қайта даярлау курсарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

7) емтихан алушының біліктілігіне сәйкес, ұшу нұсқаушысының ұшу сағаттарын растайтын құжат.

104. Емтихан алушының өкілеттігін ұзарту үшін, ұшу экипажы мүшесінің біліктілік деңгейін айқындайтын жеке тұлға уәкілетті ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ұшу экипажынан емтихан алушының өкілеттігін ұзартуын талап ететін, уәкілетті ұйым басшысының атына еркін нысандағы өтініші;

2) жеке куәлік (паспорт);

3) ұшу экипажы мүшесінің куәлігі және қосымша парағы;

4) ұшу экипажынан емтихан алушының кәсіби деңгейін қолдау курсарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

5) тағайындау мерзімі ішінде басқа емтихан алушының бақылауымен бір біліктілік тексерісінің жүргізілгенін растайтын құжат (бұл тексеру кешенді тренажерде жүргізілуі мүмкін );

6) емтихан алушының өкілеттігін орындаудың кезеңінде жылына кемінде екі біліктілік емтиханын өткізуді растайтын құжаттар;

7) емтихан алушының біліктілігіне сәйкес, ұшу нұсқаушысы ретінде ұшу сағаттарын растайтын құжат.

105. ЭК ТҚҚ мамандарының біліктілік деңгейін айқындайтын жеке тұлға модульдік бағдарлама бойынша теориялық білімді бағалау және ЭК типіне даярлау бойынша емтихан алушы болып тағайындау үшін уәкілетті ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) модульдерінің және (немесе) ЭК типінің (қозғалтқышының, санатының) атауын көрсете отырып емтихан алушыны тағайындауды сұрай отырып, уәкілетті ұйым басшысының атына еркін нысандағы өтінішті;
- 2) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЭК ТҚҚ мамандардың білімін тексеру бойынша емтихан алушына ұсыныс;
- 3) бастапқы даярлық курсын (модуль) және (немесе) ЭК типі бойынша (теориялық және тәжіберлік элементтер) сәтті аяқтағаны туралы қолданыстағы сертификаты;
- 4) Part-147 бойынша мақұлданған оқыту ұйымында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың ұлгілік бағдарламаларының 9A немесе 9B модулінің не 9A немесе 9B модулінің "Human Factors Course" көлеміндегі "Адамның ЭК техникалық қызмет көрсетуге қатысты мүмкіндіктері" қолданыстағы сертификаты;
- 5) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың ұлгілік бағдарламаларының 10 RK модулі көлеміндегі қолданыстағы "Авиация заңнама" сертификаты;
- 6) қолданыстағы "Оқытушыларды оқыту" ("Train the Trainers Course") немесе "Нұсқаушыларға арналған кәсіптік оқыту" ("professional training of Instructors") сертификаты;
- 7) емтихан алушы (бағалаушы) курсының қолданыстағы сертификаты ("Assessor Training Course");
- 8) жеке күәлік (паспорт).

106. ЭК ТҚҚ мамандарының біліктілік деңгейін айқындайтын жеке тұлға модульдік бағдарлама бойынша теориялық білімді бағалау және ЭК типіне даярлау жөніндегі емтихан алушының өкілеттігін ұзарту үшін уәкілетті ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

